

Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ қызметкерлерін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзушылықтар туралы фактілер немесе ықтимал заң бұзушылықтар жөнінде хабардар ету тәртібі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Бұл Ереже Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңына, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының «Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережені бекіту туралы» 31.03.2023 жылғы №112 Бұйрығына, Қазақстан Республикасының еңбек Кодексіне және Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ 07.03.2023 жылғы №106-461 Жарғысына сәйкес әзірленді және Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ (бұдан әрі – Балалар үйі) қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлау тәртібін белгілейді.

2. Бұл Ереже Балалар үйінің барлық қызметкерлеріне, лауазымына қарамастан, қолданылады.

3. Ереженің мақсаты:

- балалар үйі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық туралы фактілер мен ықтимал құқық бұзушылықтарды хабарлау тәртібін айқындау және хабарлаушылардың қорғалуын қамтамасыз ету;
- ішкі сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді механизм қалыптастырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту.

4. Ереженің міндеттері:

- сыбайлас жемқорлық фактілері туралы қауіпсіз және уақытылы хабарлау механизмін қамтамасыз ету;
- сенімді хабарлаған қызметкерлерді қорғау;
- түсіндірмелерді объективті қарап, дұрыс шешім қабылдау.

2. Хабарлау тәртібі

5. Балалар үйінің қызметкерлері ерікті түрде келесі фактілер немесе белгілер туралы хабарлай алады:

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар;
- өкілеттіктерді теріс пайдалану;

- мүдделер қақтығысы;
 - сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының басқа да нормаларын бұзу.
6. Хабарлама келесі жолдармен жіберілуі мүмкін:
- жазбаша түрде (еркін түрде);
 - «сенім жәшігі» арқылы - анонимді түрде;
 - электронды пошта арқылы: **domrebenka-66@mail.ru**;
 - ауызша хабарлау - тікелей басшыға немесе комплаенс-қызметіне;
 - сенім телефон нөмірі арқылы: **8 (7172) 57-11-26**.
7. Хабарлама мүмкіндігінше келесі деректерді қамтуы тиіс:
- ықтимал құқық бұзушылық сипаттамасы;
 - оқиғаның уақыты мен орны;
 - күмән тудыратын тұлға(лар) туралы мәліметтер (Т.А.Ә., лауазымы, бөлімше – бар болса);
 - жағдайды бағалауға қажет басқа фактілер;
 - растайтын құжаттар, материалдар, аудио-бейнежазбалар және басқа дәлелдер (бар болса);
 - хабарлаған адамның байланыс деректері (егер аноним емес болса).

3. Хабарламаларды қарау тәртібі

8. Сыбайлас жемқорлық туралы барлық хабарламалар міндетті түрде тіркеліп, қаралады.
9. Хабарламаларды қабылдау, тіркеу, тексеру және өңдеу міндеті комплаенс-қызметіне жүктеледі.
10. Қабылданған хабарлама негізінде 10 жұмыс күні ішінде тексеру жүргізіледі, қажет болған жағдайда тексеру мерзімін 30 күнге дейін ұзарту мүмкіндігі бар.
11. Барлық хабарламалар бойынша тиісті құрылымдық бөлімшелердің қатысуымен қызметтік тексеру не тергеу жүргізіледі.
12. Қызметтік тексеру қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық фактісі расталса, түзету шаралары қабылданып, қажет болса еңбек қатынастарын бұзу және құжаттарды уәкілетті мемлекеттік органдарға беру сияқты шаралар жүзеге асырылады.

4. Құпиялылық және хабарлаған тұлғаларды қорғау

13. Сыбайлас жемқорлық жайлы хабарлаған тұлға туралы ақпарат құпия болып табылады және оның келісімінсіз жарияланбайды, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда.
14. Хабарлаған тұлғалар қысымнан, кемсітуден, қудалаудан, жұмыстан босатудан немесе басқа да жағымсыз салдардан қорғалады.

5. Тәртіп бұзғаны үшін жауапкершілік

15. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы жалған ақпарат берген тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.
16. Балалар үйінің қызметкерлері осы Ережені бұзбауға жауапты.

6. Қорытынды ережелер

17. Бұл Ереже Балалар үйінің директоры бекіткен күннен бастап күшіне енеді.
18. Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгерістер болған жағдайда осы Ереже де өзгертіліп, толықтырылып, Балалар үйі директорымен бекітеді.